

Салық зандары мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 5 қазандағы N 2488 Заң күші бар жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600_ 1-бабына сәйкес, салықтық емес заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарынан салық ережелерін алып тастау мақсатында, сондай-ақ "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Жарлығының шығуына байланысты қаулы етемін:

1. Мынадай заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ ССР адвокатурасы туралы Ережені бекіту туралы" 1980 жылғы 13 қарашадағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1980 ж., N 48, 188, 189-құжаттар; 1991 ж., N 28, 382-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 179-құжат) 19-1-бабының үшінші бөлігінің екінші сөйлемі және 32-бабының оныншы бөлігі алынып тасталсын.

2. "Шаруа шаруашылығы туралы" 1990 жылғы 21 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 22, 257-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 309-құжат; 1993 ж., N 8, 183-құжат):

7-баптың 5-тармағының бірінші абзацындағы "салық және басқа женілдіктер" деген сөздер "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес женілдіктер" сөздерімен алмастырылсын;

16-бап алынып тасталсын.

3. 1990 жылғы 16 қарашадағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 47, 429-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж. N 13-14, 309-құжат; N 16, 411-құжат; 1993 ж., N 8, 183-құжат):

15-баптың 9-тармағындағы "жер салығы және" сөздері алынып тасталсын;

36-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жер салығының базалық ставкалары Қазақстан Республикасының салық зандарымен белгіленеді, жалға алу ақысы Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес айқындалады";

37-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"37-бап. Жер салығы және жер үшін жалға алу ақысы
ретінде түскең қаражатты пайдалану

Жер салығы және жер үшін жалға алу ақысы жергілікті бюджеттерге есептеледі және бірінші кезекте жерді қорғауға, оның сапасын арттыруға, сондай-ақ жерге орналастыруға және аумақты әлеуметтік-мәдени дамытуға жұмсалады;

38-бап алынып тасталсын;

50-баптың 6-тармағындағы "салық жөнінен және басқа да женілдіктер" сөздері "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес женілдіктер" сөздерімен алмастырылсын.

4. "Қазақ ССР-індегі еркін экономикалық аймақтар туралы" 1990 жылғы 30 қарашадағы Қазақ ССР Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990 ж., N 49, 455-құжат):

6-баптың 3-тармағындағы "салық" сөзі, сегізінші абзацы алынып тасталсын.

V бөлім алынып тасталсын.

5. "Қазақ ССР-індегі шаруашылық қызметінің еркіндігі және кәсіпкерлікті дамыту туралы" 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 51, 483-құжат):

10-баптың оныншы бөлігі мынандай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық зандарында көзделген тәртіп пен мөлшерде алым белгіленеді";

18-баптың төртінші бөлігіндегі "мұра салығын алып тастағанда" сөздері алынып тасталсын;

21-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы "салық және басқа женілдіктерді" сөздері "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес женілдіктерді" сөздерімен алмастырылсын;

22-баптың:

екінші бөлігі "пайдасы" сөзінен кейін "салық және басқа женілдіктерді" сөздері "Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес женілдіктерді" сөздерімен толықтырылсын;

үшінші бөлігі алынып тасталсын;

төртінші бөлігі үшінші бөлік болып саналсын, ол мынадай редакцияда жазылсын:

"Кәсіпкер шетел валютасын сатып ала алады. Кәсіпкерден зандарда көзделгеннен басқа жағдайларда валюта қаражатын алып қоюға тыйым салынады".

6. "Қазақ ССР-індегі тұтыну кооперациясы туралы" 1990 жылғы 11 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1990 ж., N 51, 485-құжат) 18-бабының атауындағы "мен салық салу" сөздері, екінші, үшінші және төртінші бөліктегі алынып тасталсын.

7. "Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы" 1990 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 1, 8-құжат) 15-бабының екінші бөлігі; 18-баптың алтыншы бөлігіндегі "пайда салығын салу кезінде" сөздері; 22-бабының бесінші бөлігі; 29-бабының 2-тармағының бірінші абзацындағы екінші сөйлемі алынып тасталсын.

8. "Қазақ ССР-інде ауылды, селоны және аграрлық-өнеркәсіптік кешенді басым дамыту туралы" 1991 жылғы 13 ақпандағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 8, 93-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 327-құжат) 5-бабының жетінші абзацындағы "салық салу" сөзі; 10-бабының "салық салуға жатпайтын" сөздері; VI бөлімі; 43-бабының 3-тармағы; 46-бабының 3-тармағы алынып тасталсын.

9. "Тұтыну товарлары мен қызметтер бағасының өсуін ескере отырып, халықтың ақшалай табыстарын индекстеу туралы" 1991 жылғы 5 маусымдағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 23, 265-құжат) 9-бабы алынып тасталсын.

10. "Қазақ ССР-індегі инвестициялық қызмет туралы" 1991 жылғы 10 маусымдағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 24, 280-құжат) 6-бабының 5-тармағы және 10-бабының екінші абзацы алынып тасталсын.

11. "Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы" 1991 жылғы 11 маусымдағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 24, 283-құжат) 6-бабының жетінші абзацындағы "салық және өзге" сөздері; 13-баптың екінші бөлігіндегі төртінші абзацы; 14-баптың 1-тармағындағы 14 абзацтан "көтерінкі салық салу" сөздері алынып тасталсын.

12. "Қазақ ССР-інде азаматтарды пенсиямен қамсыздандыру туралы" 1991 жылғы 17 маусымдағы Қазақ ССР Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 25, 328-құжат) 8-баптың төртінші бөлігі алынып тасталсын.

13. "Қазақ ССР-інде айналадағы табиғи органдың қорғау туралы" 1991 жылғы 18 маусымдағы Қазақ ССР Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 322-құжат) 32-бабының 1-тармағының төртінші абзацы және 2-тармағы алынып тасталсын.

14. "Қазақстан Республикасындағы мүгедектердің әлеуметтік қорғалуы туралы" 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 26, 345-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 15, 208-құжат):

14-баптағы "Аталған мақсаттарға берілетін қаржылар салық салуға жатпайды" сөздері; 33-бап; 34-баптың бірінші және екінші бөліктері; 47-баптың екінші бөлігі алынып тасталсын;

49-баптың бірінші бөлігіндегі "және салықтың, алымдардың, баж салығы мен төлемдердің барлық түрінен" сөздері "баж бен міндettі төлемдердің салық заңдарында көзделгендерінен басқа барлық түрінен" сөздерімен алмастырылсын.

15. "Қазақ ССР-індегі қоғамдық бірлестіктер туралы" 1991 жылғы 27 маусымдағы Қазақ ССР Заңының (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 27, 360-құжат) 23-бабының екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Салық қызметі органдары қоғамдық бірлестіктердің республикалық және жергілікті бюджетке салық пен міндettі төлемдерді аударуы мен төлеуіне салық заңдарына сәйкес бақылау жасайды".

16. "Қазақ ССР-індегі мемлекеттік жастар саясаты туралы"

1991 жылғы 28 маусымдағы Қазақ ССР Заңында (Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Ведомостары, 1991 ж., N 28, 377-құжат):

6-баптың 1-тармағындағы "салық салынуға және" сөздері мен 3-тармағындағы "салық салу" сөздері алынып тасталсын;
11-баптың 6-тармағындағы "немесе салық салу жөнінен женілдіктер" сөздері алынып тасталсын;

13-бапта:

5-8 тармақтар алынып тасталсын;
9-тармақ 5-тармақ болып саналсын және ондағы "финанс, табиғат қорғау және право қорғау" сөздері "үекілді" сөзімен алмастырылсын;
14-баптың 3-тармағындағы екінші сөйлем алынып тасталсын;
23-баптың 2 тармағы алынып тасталсын;
3 және 4 - тармақтары тиісінше 2 және 3-тармақтар болып саналсын.

17. "Қазақстан Республикасының бюджет жүйесі туралы" 1991 жылғы 17 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1991 ж., N 51, 624-құжат):

5-баптың 1-тармағының екінші абзацындағы "азаматтар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес республика бюджетіне салықтарды, алымдар және міндettі төлемдерді төлеуге тартылады" сөздері "жеке тұлғалар салық заңдарында белгіленген тәртіппен бюджетке салық және басқа міндettі төлемдер төлейді" сөздерімен алмастырылсын;

8-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"8-бап. Республикалық бюджеттің кірісін қалыптастыру көздері

Республикалық бюджеттің кірістері:

- занды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы;
 - қосылған құнға салынатын салық;
 - акциздер;
 - бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салынатын салық;
 - жер қойнауын пайдаланушылардың арнаулы төлемдері мен салығы;
 - кеден тарифтері мен бажы;
 - мемлекеттік ішкі заемды іске асырудан түсетін түсімдер;
- Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің кредиттері және сыртқы кредиттер;
- басқа да кірістердің есебінен қалыптасады.";

14-бапта:

1 және 2-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Жергілікті бюджеттердің кірістері:

- жер салығы;
- занды және жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық;
- көлік құралдарына салынатын салық;
- кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды және занды тұлғаларды тіrkегені үшін алынатын алым;
- жекелеген қызмет тұрлерімен айналысу құқығы үшін алым;
- аукциондық сатудан алынатын алым;
- мемлекеттік баж;
- басқа да кірістердің есебінен қалыптасады";

2. Жергілікті бюджеттерге қолданылып жүрген зандарда белгіленген нормативтер бойынша мынадай жалпы мемлекеттік салықтардың:

- қосылған құнға салынатын салықтың;
- занды және жеке тұлғалардан алынатын табыс салығының;
- акциздердің бір бөлігі есептеледі.

3-тармақтағы "жалпы республикалық" сөзі "жалпы мемлекеттік" сөзімен алмасырылсын.

18. "Қазақстан Республикасында халық денсаулығын сақтау туралы" 1992 жылғы 10 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы

Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 3, 47-құжат) 35-бабының екінші бөлігі алынып тасталсын.

19. "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік статистика туралы" 1992 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 76-құжат) 2-бабының:

үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының аумағындағы заңды және жеке тұлғалардың Республиканың статистика органдары белгіленген көлемде және белгіленген мерзімде мемлекеттік статистикалық есептерді беріп тұруы міндettі болып табылады және бұл ақпаратты жөнелтушінің қарожаты есебінен жүзеге асырылады";

төртінші бөлігі алынып тасталсын.

20. "Мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының мүлкін жекешелендіру ерекшеліктері туралы" 1992 жылғы 14 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 80-құжат; 1993 ж., N 18, 441-құжат) 18-бабының төртінші абзацы алынып тасталсын.

21. "Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 84-құжат) 5-баптың төртінші бөлігіндегі "салық салу" сөздері; 14-баптың үшінші бөлігі; 16-баптың бесінші бөлігі; 18-баптың екінші бөлігі; 20-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын.

22. "Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы" 1992 жылғы 15 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 86-құжат) 4-баптың бесінші абзацы; 7-баптың 4-тармағы алынып тасталсын, 5-тармағы 4-тармақ болып саналсын; 13-баптың 2-тармағындағы "пайдаға салық салу" сөздері; 14-баптың 1 -тармағындағы "салық женілдігі" сөздері; 38-баптың екінші тармағы алынып тасталсын.

23. "Білім беру туралы" 1992 жылғы 18 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 6, 110-құжат):

38-баптың:

бесінші бөлігі "қаржылары" сөзінен кейін "салық және бюджетке төленетін басқа да міндettі төлемдерді төлегеннен кейін" сөздерімен толықтырылсын;

жетінші бөлігіндегі "салықтардың, алымдардың, баж салығының және бюджетке төленетін төлемдердің барлық түрлерінен" сөздері "баждың және міндettі төлемдердің салық заңдарында көзделгендерінен басқа барлық түрлерінен" сөздерімен алмастырылсын.;

сегізінші бөлігінің бірінші сөйлемі "білім беру мекемелерінің" сөзінен кейін "салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлегеннен кейін" сөздерімен толықтырылсын;

40-баптың үшінші бөлігі алынып тасталсын.

24. "Патент Заңы" туралы 1992 жылғы 24 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 304-құжат) 32-бабы алынып тасталсын;

25. "Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы" 1992 жылғы 2 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 15, 363-құжат) 21-бабының төртінші бөлігіндегі "салықтар мен салыққа жатпайтын төлемдер" сөздері "қаражат" сөзімен алмастырылсын

26. "Жеке кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы" 1992 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 16, 424-құжат):

6-баптың 1-тармағының екінші абзацындағы "анықтап" сөзі "анықтау" сөзімен алмастырылып, "осы негізде жеңілдікті салық салуды белгілеу" сөздері; 7-баптың 2-тармағы алынып тасталсын, 3-тармақ 2-тармақ болып саналсын;

10-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңдарында көзделген тәртіп пен мөлшерде алым алынады";

16-баптың 8-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"8 Лицензия беру үшін мөлшерін Қазақстан Республикасының салық заңдары белгілейтін алым алынады";

27-баптағы "тиісті бюджет (қор) қаражат есебінен сол кезде қалыптасқан орташа кредиттік нарық мөлшерінде есептеле отыра" сөздері "Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес" сөздерімен алмастырылсын.

27. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" 1993 жылғы 20 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат; N 18, 429-құжат) 11-бабының сегізінші және тоғызыншы бөлігі алынып тасталсын.

28. "Әскери қызметшілерді, ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары мен олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 1993 жылғы 21 қантардағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 35-құжат) 12-бап алынып тасталсын.

29. "Еңбекті қорғау туралы" 1993 жылғы 22 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 40-күжат) 4-бабының оныншы абзацы алынып тасталсын.

30. 1993 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Орман кодексінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 3, 45-күжат) 68-бабының 3-тармағындағы "Жер салығы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына" сөздері "Қазақстан Республикасының салық заңдарына" сөздерімен алмастырылсын.

31. "Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы" 1993 жылғы 1 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 157-күжат) 30-баптың екінші бөлігінің төртінші абзацы; 32-баптың бірінші бөлігіндегі "Қазақстан Республикасының азаматтарынан, шетел азаматтарынан және азаматтығы жоқ адамдардан алынатын табыс салығы туралы" Заңға және "Жер салығы туралы" Заңға сәйкес табыс салығы мен жер салығының барлық түрлерінен босатылады" деген сөздер алынып тасталсын.

32. "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 8, 202-күжат) 23-бабының екінші бөлігіндегі "салықтар" сөзі алынып тасталсын.

33. "Жоғары білім беру туралы" 1993 жылғы 10 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 9, 206-күжат) 32-бабы алынып тасталсын.

34. "Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы" 1993 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 19, 448-күжат) 6-бабының 5-тармағының бірінші сөйлемі алынып тасталсын.

35. "Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 516-күжат):

37-баптың:

2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2 Қалалық (облыстық бағыныстағы қала) бюджетке және ауданның бюджетіне облыстық Мәслихат - Депутаттар жиналысы бекіткен ставкалар мен нормативтер бойынша жалпы мемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдар, сондай-ақ міндетті төлемдердің басқа да түрлері есептеледі. Осыған қоса Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес басқа да кірістер есептеледі";

3-тармақ алынып тасталсын;

4-тармақ 3-тармақ болып саналсын, ол мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Облыстық бюджеттерге, Алматы қаласының бюджетіне жалпы мемлекеттік және басқа міндетті төлемдерден нормативтер бойынша түсім есептеледі.

Облыстық бюджеттерге, Алматы қаласының бюджетіне есептелетін жалпы мемлекеттік салықтар және басқа да міндettі төлемдер бөлігінің мөлшерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі, ал аудандық бюджеттерге және қалалардың (облыстық бағыныстағы қалалар) бюджеттеріне есептелетіндердің мөлшерін облыстық Мәслихат - Депутаттар жиналышы белгілейді.";

39-баптағы "бюджеттен тыс" сөзі алынып тасталсын.

40-бапта:

1-тармақтың он үшінші абзацындағы "Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес" және "жергілікті салықтар және алымдар, баж салықтары мен" сөздері алынып тасталсын;

2-тармақтың "в" тармақшасының үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"- Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жер салығының ставкаларын, жер туралы заңдарға сәйкес жер үшін жалға алу ақысын төлеу жөніндегі женілдіктерді белгілеу".

36. "Шетелдік инвестициялар туралы" 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңында (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24, 280-құжат):

4-баптың 4-тармағы "үшін" сөзінен кейін "Қазақстан

Республикасының салық заңдарында белгіленген салық женілдіктерінен басқа" сөздерімен толықтырылсын.

23-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Салықтарды есептеу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүргізіледі".

37. "Атакент" еркін сауда аймағы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 18 сәуірдегі N 1663 Заң күші бар Жарлығында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 180-құжат):

7-тармақ алынып тасталсын;

8-12-тармақтар тиісінше 7-11 тармақтар болып саналсын.

II. Осы Жарлық 1995 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті